

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Джубанғалиева А.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Боранбаева Б.С

М.Өтемісов атындағы БҚУ

Aibi\_bibka@mail.ru

Орал қ.

Қазақстанның XX ғасырдағы ауыл шаруашылығы дамуының жетістіктері маңызды, әрі қарама-қайшылыққа толы күрделі процестердің бірі болып есептеледі. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақ өлкесінде социалистік меншікке негізделген ұжымдастыру саясатын жүргізу қолға алынды. КСРО-да колхоз, совхоз құрылысының негізі қаланып, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін жаңа сипатқа ие болса, ал соғыстан кейінгі жылдарда бұл аграрлық саясат одан әрі жалғасын тапты.

Соғыс аяқталғаннан соң қатаң бір орталыққа бағындырылған экономиканың тиімділігі бұрынғыдан да тұрақты идеологиялық сипатқа ие болды. Жеңіске жетудегі таңдаған даму моделінің дұрыстығын тілге тиек ете отырып, сталиндік партиялық-мемлекеттік насихат әміршіл-әкімшілік жүйенің мызғымастығын бұқара санасына үстемелей енгізе түсті. Оның үстіне 1946 жылы аул шаруашылығында орын алған табиғат апаты әрі соғыс зардабы салдарынан тереңдей түсті. Ғаламат қуаңшылық 1891 мен 1921 жылғыдан да асып түсті. Сол жылдың көктемі мен жазында Қазақстан бойынша егістің орташа шығымы 4 центнер гектардан сәл ғана асты [1, 100 б.].

Молдавия мен Украинаны еліміздің басқа да аймақтарын аштық жайлады. «Жұт кезіндегі» секілді (1932-1933 жж) аштық мендеген отбасылар масақтан терген бір уыс бидайлары мен бір-екі картоптарын жасырып, балаларын ажалдан алып қалмақшы болды. Мемлекет жағдайдың қиындығына қарамастан, қоғамдық қамбада жалғыз дән де қалдырмай сыпырып алатынын жақсы білген кейбір колхоздар міндетті тапсырысын өтегенге дейін еңбекшілерге еңбек күн есебінен және қоғамдық тамақтандыруға астық бере бастады [2, 526 б.].

1946 жылдың II жартысында КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П ОК «Астықты сақтауды қамтамасыз ету, он талан-таражға салуға, ұрлыққа және ысырап жасауға жол бермеу шаралары туралы» (27 маусым) және «Мемлекет астығының сақталуын қамтамасыз ету туралы» (25 қазан) қаулылар қабылдады. 1946 жылдың күзінде астық ұрлағаны үшін 55369 адам, онымен қоса 1932 жылғы 7 тамыздағы бұлтартпас заң бойынша 1146 адам сотталып, оның 37-сі ату жазасына кесілген [3, 45 б.].

Қазақстанда XX ғасырдағы 50 жылдардың аяғына қарай совхоз, колхоз құрылысы толық жеңіске жетіп, 60-80 жылдарда бұл саясат одан әрі тереңдей түсті. Әсіресе, экономикалық жағынан қуатты әрі энергетикалық техникалық жағынан жоғары еңбекті ұйымдастыру барысында сол кезеңге сай тиімді ірі аграрлық ұжымшарлар мен кеңшарлар барынша қызмет етті. Сөйтіп, Қазақстан КСРО-ның шығыстағы ірі аграрлық-экономикалық аймағына айналды. Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуында Батыс аймағы (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары) өзінше үлес қосты. Оның айқын дәлелі Батыс Қазақстанда екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда мал саны өсіп, жоғары егіншілік дамып, нәтижесінде бұл өлке ірі аграрлық-экономикалық аймақ дәрежесіне көтерілді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы Батыс Қазақстан еңбекшілерінің ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлестерін оның ішінде, 1946-1953 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйесінің шарықтауы барысында аймақта ауыл шаруашылығының дамуын қалпына келтіру, 1953-1954 жылдардағы КОКП ОК қыркүйек және ақпан-наурыз пленумдары шешімдеріне сәйкес жүргізілген түбегейлі бетбұрыс пен тың және тыңайған жерлерді игеру, сонымен қатар КОКП ОК 1965 жылғы наурыз пленумы шешіміне сай қабылданған жаңа аграрлық саясатты жүзеге асыру барысында жетістіктер мен күрделі қиындықтарын ашып көрсету болып саналады.

Әрине, ауыл шаруашылығы тарихын зерттеу күрделі де қиын індеттердің қатарынан саналады. Бұл салада кезінде Кеңестер Одағында, Қазақстанда көптеген тарихшы-ғалымдар өздерінің іргелі еңбектерін жазып, атсалысқан.

Сонымен, аталған кезеңде Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан аумағы республиканың ауыл шаруашылығы едәуір дамыған үлкен аймағы болып табылды. Ол 790 мың шаршы километр жерді немесе еліміздің 27 пайыз аумағын алып жатыр, мұнда республика халқының 12 пайызы тұрады. 1946-1953 жылдарда біздің өлкедегі қоғамдық-саяси жүйе БК (б) партиясының ірі бөлімі – Қазақстан К(б) партиясы Батыс Қазақстан облыстық комитетінің жетекшілігімен қалыптасты.

Жасыратыны жоқ, біздің облыстағы қоғамдық-саяси өмір бағыттары адамның бас-бостандығын шектеу, қарапайым адам құқығын елемей, оларды саясат пен мемлекеттік басқарудан әрі ұстау сияқты теріс құбылыстармен жүрді. Әкімшілік-әміршіл жүйе облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінде бұлардың бастауыш буындарында, совет органдарында, кәсіподақ, комсомол ұйымдарында өктем де үстем біржақты билікпен жұмыс істеді. Бір адамның – Сталиннің жеке басына табыну орын алды. Барлық табыс, барлық жеңіс соның басқару қабілетіне байланысты дәріптеліп, өрескел қателіктерге көз жұма қаралды. Міне бұл үрдіс аса ауыр зардаптарға апарып соқтырды. Дегенмен де халықшаруашылығын қалпына келтірудің, экономикалық-

мәдени өмірді сауықтырудың, социализмді одан әрі дамытудың күрделі мәселелері Коммунистік партиядан басқарудың стилі мен әдісін түбегейлі (радикалды) өзгертуді талап етті [4, 101 б].

Қазақстан К (б) П облыстық комитетінде тұрақты сайланып отырылған партиялық органдар қызмет істеді. Партиялық, шаруашылық актив жиналыстарында тәжірибе бөлісу жүріп жатты. Бастауыш ұйымдар жұмыстары жаңғыртылды, олардың сапалық құрамы жақсарды. Барлық экономикалық-әлеуметтік, мәдени салаларға әміршіл-әкімшіл әдіспен басшылық еткен облыстық партия комитетінің соғыстан кейінгі жылдардағы құрылымы алдында тұрған мәселелердің мазмұнына сәйкес құрылып отырды. Қазақстандағы барлық облыстардан соғыс жылдары және одан кейінгі жылдарда тонналаған ауыл шаруашылық өнімдерін, өндірілген дайын заттай қажеттіліктерді жөнелтуді тоқтатпады. Бұл туралы тарихшы-ғалымдар П.Р.Букаткиннің [5] және Т.Б. Балақаевтың [6] ғылыми еңбектерінде егжей-тегжейлі баяндалған.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитетінің жоғарғы органы-облыстық партиясы арнайы конференцияларын өткізіп отырды. 1947 жылдың желтоқсанында YII, 1949 жылдың ақпанында YIII-ші, 1951 жылдың маусымында IX-шы, 1952 жылдың қыркүйегінде X-шы конференциялар өтті. Партия конференцияларында Қазақстан К (б) П облыстық комитетінің есебі, Қазақстан К(б) П облыстық комитетінің тексеру комиссиясының есебі, Қазақстан К (б) П облыстық комитетінің мандаттық комиссиясының есебі тыңдалды.

Бұл шаралар халық шаруашылығы мен мәдениетінің дамуына партиялық басшылықтың дәрежесін көтеруге көмектесті. Сонымен бірге партиялық басшылықтағы өзекті мәселелерді шешуде Қазақстан К(б) П облыстық комитетінің пленумдары да маңызды болды.

Қазақстан К(б) П облыстық комитетінің 1946 жылдың 1-4 желтоқсанындағы ХУІІІ-ші пленумында қарастырылған «Облыстық партия ұйымдарының өсу жағдайы мен жас коммунистерді тәрбиелеудегі жұмыстар туралы» мәселелері партия құрамын өсіру және оның сапасын көтеруде едәуір роль атқарды.

Қазақстан К (б) партиясы Батыс Қазақстан облыстық комитетінің ХУІІІ-ші пленумының хаттамасындағы мәліметтерден облыстық партия ұйымдарының жұмыстарын талдағанда партия ұйымы қатарының өскендігін көруге болады. 1941-46 жылдар аралығында партия ұйымы өз қатарына 7026 адамды қабылдаса, 1946 жылдың он айында-ақ 8438 адам қабылдаған, оның ішінде мүшелікте 3910-ы және 4528-і кандидат қатарында болған.

Алайда партияның өсуімен байланысты көптеген мәселелер аудандық партия комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдарының назарынан тыс қалып отырған. Оған 1946 жылдың он айы ішінде Приурал ауданының – 28, Жәнібек ауданының – 23, Жаңақала ауданының – 22, Зеленов ауданының – 12, Шыңғырлау ауданының – 19 бастауыш партия ұйымында өсім болмағандығы дәлел бола алады [7,10-12 бб].

Осы уақыт ішінде облыстық партия ұйымы өз қатарына партиялық мүшелікке 1883 әйелді, 919 кандидат-әйелдерді қосқан, барлығы 2802 әйел. Сонымен бірге 1946 жылдың оныншы айында алдыңғы қатарлы жұмысшы-колхозшылар есебінен облыста БК(б) П мүшелігіне 224 әйелді партия кандидаттығына – 279 әйел қабылдаған. Бұл мәліметтер соғыстың тылдағы ауыр зардаптарын көтерген еңбек етуші әйелдер бұқарасының саяси іске тартыла бастағандығын көрсетеді.

Дегенмен әлі де болса партия ұйымдарындағы әйелдер санының өсуі маз емес еді. Оған кандидаттық мерзімі асып кеткен әйелдердің бар болуы дәлел. Бұл олармен уақытында дұрыс жұмыстанбаудың нәтижесі еді. Мысалы, Теректі аудандық партиялық ұйымындағы 24 әйел адамдарының кандидаттық мерзімі өтіп кеткен.

Олардың ішінде Хулапина, Яковлевская және Сүндетбаева секілді 5-7 жылдық кандидаттық стаждары барлар кездеседі.

1952 жылы облыстық партия ұйымында 12592 адам болған, оның 11094-і партия мүшелері де, 1498-і кандидаттар. Ал 1954 жылы бірінші қаңтарда облыстық партия ұйымы қатарында 12225 адам, олардың 11489-ы партия мүшелері де, 766-сы кандидаттар болған.

1945 жылмен салыстырғанда 1946 жылы жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар мамандар саны екі есеге, орта білімділер 50%-ке, ал бастапқы білімі бар жұмысшылар саны екі есеге дерлік қысқарған, олар және барлық құрамының 29%-ін алады.

Іскер мамандарды анықтау мен оларды алға тарту істері жақсартылған, 1946 жыл бойынша облыстық комитеттің, қалалық комитеттің және аудандық комитеттің партиялық номенклатурасына 670 адам тартылған, оның 40%-і - жоғары және орта білімі барлар. Ал 1949 жылдың өн бойында Қазақстан К (б)П облыстық комитетінде жоғары және аяқталмаған жоғары білімдері бар жұмысшылардың ара салмағы 20%-тен 26%-ке дейін өскен. Басшы жұмысшылар арасында әйелдердің арасалмағы 1948 жылы 8%-тен 15%-ке дейін өскен, соның ішінде қазақ әйелдерінің арасалмағы 40%-ке жеткен. 1951-1952 жылдары басшы мамандардың сапасы одан әрі өскен. Басшы кадрлардың 31,6%-ті - жоғары және аяқталмаған жоғары білімділер, 61,4%-ті - орта және аяқталмаған орта білімділер және тек 7%-і ғана төменгі дәрежелі білім деңгейі барлар [7, 12-13 бб].

Іскер мамандарды анықтаумен оларды жұмысқа тартуда басқарушы жұмысшыларды партиялық органдардың бекітуінсіз тағайындау әрекеттері белең алған. Мысалы, 1946 жылы Шыңғырлау ауданы жұмысшылар номенклатурасының 40%-ін, Казталовка ауданы жұмысшылар номенклатурасының 30%-ін, Теректі ауданы жұмысшылар номенклатурасының 17%-ін аудандық комитет бекітпеген. Осы жылы сонымен бірге қолда бар іскер мамандарды пайдалану ісі де дұрыс жолға қойылмаған. Мысалы, 155 агрокомитеттердің басшы мамандарының жартысы орталықта орнығып қалған, ал агроучасткілерде тек 28-і, 165 зоотехниктердің

участкіде тек 39-ы ғана, 157 ветеринарлардың тек 35-і ғана участкілерде қызмет еткен. Бұл басшылықтың жағдайы осындай еді [8, 26 б].

Жалпы, Қазақстанның өзге өңірлері сияқты Батыс Қазақстандық облыстық ұйымы қарастырып отырған кезеңде көп ұлттанды. 1949 жылы қазақтар саны – 6732 немесе 51,1%, орыстар саны – 4843 немесе 36,7%, басқа ұлт өкілдері – 1617 немесе 12,2%-ті құрады. 1951 жылы қазақтар саны – 6487 адамды, орыстар – 4709 адамды, басқа ұлт өкілдері – 1589 адамды құрады. 1952 жылы қазақтар саны – 6287 адам немесе 50,9%, орыстар – 4775 адам немесе 37,1% басқа ұлт өкілдерінің саны – 1530 адам немесе 12% болды. Ал 1954 жылы 1-ші қаңтарда қазақтар – 6053 адам, орыстар – 4693 адам, басқа ұлт өкілдері – 1509 адамды құраған [9, 26 б].

Соғыстан кейінгі кезеңде Батыс Қазақстан партия ұйымдарының басты назары идеологиялық жұмыстарға, соның ішінде ең бірінші коммунистерді саяси жағынан дайындау деңгейіне, теориялық оқытуды жақсарту мәселелеріне аударылды. Оның дәрежесі мен пәрменділігін арттыру мәселелері Қазақстан К (б) П Орталық Комитетінің XIX-шы пленумында «Қазақстан партиялық ұйымының идеологиялық жұмыс деңгейі туралы» қабылдаған қаулысын жүзеге асыруға бағытталған шаралар жөніндегі Қазақстан облыстық комитетінің 1948 жылдың 1-3 сәуірінде өткен II-ші пленумында, 1950 жылдың 28-29 наурызындағы «Облыстық партия ұйымдарының мамандарына большевиктік тәрбие туралы» IV пленумында, Қазақстан К(б) П Орталық Комитетінің IV-шы Пленумының шешімін орындау шеңберінде 1951 жылдың 20-21 наурызындағы «Облыстық партия ұйымдарының партиялық-ұйымдастырушылық және партиялық-саяси жұмыстарын жақсарту жағдайы мен шаралары туралы» VІІ-ші пленумдарында талқыланды.

Сайып келгенде, соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, дамытудың нәтижелеріне баға бергенде мынаны айту қажет: бұл үрдістер бұқараның бойындағы күш-жігерін, халықтың табиғатына тән аса зор еңбек-ынтасын, тапқырлығын тұншықтырып келген жүйенің арқасында емес, оның еркінен тыс жұрып жатты [2, 529 б].

Облыста 1948 жылы 205 адамды қамтыған 19 аудандық партия мектептері, 3596 адамды қамтыған «БК(б)П тарихының қысқаша курсы» оқытатын 190 үйірмелер, 4430 адамды қамтыған 250 саяси мектептері, 8343 адамды қамтыған 445 көсемдер Ленин мен Сталин өмірбаяндарын оқытатын үйірмелер жұмыс істеді. 1949 жылы 242 коммунисті қамтыған 1 кешкі марксизм-ленинизм университеті, 559 коммунисті қамтыған 17 кешкі аудандық партия мектептері, 3235 коммунисті қамтыған БК(б)П тарихының қысқаша курсы оқытатын» 259 үйірмелер, 1145 коммунисті қамтыған көсемдер Ленин мен Сталин өмірбаяндарын оқытатын 1551 үйірмелер, 3351 коммунисті қамтыған «БК (б)П тарихының қысқаша курсы оқытатын 342 үйірмелер, 2446 коммунисті қамтыған 295 саяси партиялық мектептер жұмыс істеді [10, 36 п].

Соғыстан кейінгі жылдары облыстық партия комитеті қоғамдық-бұқаралық ұйымдар арқылы өлкенің экономикасы мен мәдени – тұрмысын қалпына келтіру мен әрі қарай дамытуға бағытталған шараларын жүзеге асырып отырды. Бұқаралық ұйымдар халықшаруашылық, әлеуметтік міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарды. Коммунистік партияның негізі, оның саясатын жүргізуші, бұқараны ұйымдастырушы – бастауыш партия ұйымы шаруашылық пен мәдени құрылысқа басшылық жасап отырды. Бастауыш партия ұйымдары барлық өнеркәсіп және транспорт кәсіпорындарында, МТС-та, совхоздар мен колхоздарда құрылды. 1949 жылы қайтадан 38 бастауыш партия ұйымдары құрылған болса, 1952 жылдың 1-ші қыркүйегінде 12592 коммунистерді қамтыған 763 бастауыш партия ұйымдары есептелінген, ал 1953 жылы облыстың барлық колхоздарында 3226 партия мүшелері мен кандидаттарын қамтыған колхоздың бастауыш партия ұйымы, 549 коммунистерді қамтыған 39 МТС, МЖС және ММС-тың бастауыш партия ұйымы, 1503 коммунистерді қамтыған 34 совхоздың бастауыш партия ұйымдары қызмет еткен [11, 87 б].

БК(б)П Уставына сәйкес күнбе-күнгі жұмысты жүргізіп отыру үшін бастауыш партия ұйымы бір жылға бюро немесе секретар сайлап отырған. Бюро басшылығының немесе секретарлардың сапалық құрамына үлкен көңіл бөлінді. Нәтижесінде бастауыш партия ұйымдарының секретарларының сапалық құрамы біркелкі жақсарды. Мысалы, 1948 жылы бастауыш партия секретарларының құрамында орта және аяқталмаған орта білімі барлар 444 адамға жеткен болса, 1949 жылы олар 556 адамды құраған және бастапқы білімі бар секретарлар саны 461-ден 378-ге дейін азайған. 1951 жылы да біршама жоғары көрсеткіштер байқалған. Егер 1948 жылы VІІІ-ші партконференцияға дейін бастауыш партия ұйымдарының секретарлары құрамында жоғары және аяқталмаған жоғары білімділер 4% болған болса, 1951 жылы 8,4%-ке жеткен, орта білімі барлар және толық емес орта білімділер 56,8%-тен 63,1-ке дейін көтерілген [11, 89 б].

Саяси және шаруашылық шараларды деревняларда жүргізуде селолық бастауыш партия ұйымдары жетекші рөл атқарды. Мысалы, 1952 жылы колхоздардың көпшілігінде бастауыш партия ұйымдары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру, басқа да саяси шаруашылық міндеттерді орындауда зор рөл атқарған, колхозшыларды бұл міндеттерді орындауға жаппай жұмылдыра алған. Жаңақала, Казталовка аудандарындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдары дәл осылай жұмысты жақсы жүргізіп отырған. Жаңақала ауданындағы «Новый путь» колхозының бастауыш партия ұйымы партиялық ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмысты шаруашылық міндеттемелерге шебер ұштастыра жүргізудің нәтижесінде колхоздың қоғамдық шаруашылығының өркендеуін қамтамасыз еткен. Казталовка ауданындағы Энгельс, Орда ауданындағы Чапаев атындағы колхоз бастауыш партия ұйымдары да коммунистердің барлығын дерлік колхоз өндірісінің жауапты учасоктеріне тартқан. Коммунистер үгіт жұмысын жүргізе отырып, партия жиналыстарын уақтылы өткізіп отырған. Онда колхоз өндірісінің маңызды мәселелері, коммунистерге берілген тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды [12, 18 п].

Облыстағы колхоз және совхоз жеке өндіріс участкелеріне партиялық басшылықты жақсарту мақсатында фермалар мен бригадаларда 1953 жылы 261 бастауыш партия тобы ұйымдастырылған. Оның ішінде колхозда колхоздық бастауыш партия ұйымы жанынан 578 коммунисті қамтыған 137 партия тобы жұмыс істеген. Колхоздық бастауыш партия ұйымдарында коммунист-колхозшылар саны төмендеп кеткен. Мысалы, 1948 жылдың 1-ші қаңтарында коммунист-колхозшылар саны 3305 адамға жетсе, 1953 жылдың қаңтарында небәрі 2597 адамды құраған немесе колхозшылар саны 708 адамға азайған [12, 19 п].

Қоғамдық-бұқаралық ұйымдардың ішінде жергілікті Советтердің маңызы зор. Жергілікті жерлердегі мемлекеттік орган, еңбекшілердің мейлінше бұқарашыл қоғамдық ұйымы болған жергілікті Советтер өмір тудырған мәселелерді түгел қамту үшін бар күш-жігерін салды.

Соғыстан кейінгі жылдары Советтердің жұмыстарын қайта құруда еңбекші депутаттардың жергілікті Советтерінің сайлаулары маңызды рөл атқарды. Бұл партия мен үкіметтің жергілікті жерлерге басшылығын жақындата түсуге көп көмегін тигізді. Мысалы, 1950 жылғы еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтеріне сайлау науқаны бірінші рет депутаттардың сайлаушылар алдында белгілі бір атқарған жұмысы мен тапсырыстарды орындау деңгейі жөнінде есеп беру арқылы жүзеге асты. Ал бұл шаралар жергілікті Советтер мен бұқараның арасындағы байланысты күшейтті, сәйкесінше партиялық басшылықты жақындата түсті. Сайлау нәтижесі төмендегідей болды: облыстық Советке – 60 адам, қалалық Советке – 238 адам, аудандық Советке – 375 адам және ауыл-селолық Советке – 260 адам, жалпы барлығы – 3269 адам депутат болып сайланған. Ал 1951 жылы өткен жергілікті Советке сайлау партия саясатын жүзеге асыратын Советтер басшылығына жаңа, тексерілген, іскер мамандардың келуіне септегін тигізді. Сайлау нәтижесінде жергілікті Советтеріне 3289 депутаттар сайланған, олардың 50%-і БК(б)П мүшелері мен кандидаттары болған. Бұл сайлауда әйелдердің рөлі өскен. Олар жалпы депутаттар санының 35,4%-ін алған немесе 1159 әйел сайланған.

Құрылған ауылдық советтер ауыл шаруашылығын, ауыл-село мәдениетін көтеру, еңбекшілердің тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытында аз жұмыстанбады. Әсіресе осы жолда социалистік жарыстың рөлі зор болды [13, 74-75 бб].

Социалистік жарыстар әрбір бесжылдық жоспарды орындау барысында, бүкілхалықтық мерекелер кезінде, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы күндері өрістетіліп отырылды. Мысалы, республиканың Жоғарғы Советінің сайлауына әзірліктің алғашқы кезеңінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК(б) П Орталық Комитеті қабылдаған «1954 жылы республиканың ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету жолындағы социалистік жарысты өрістету туралы» қаулысын облыстың көптеген аудандық, ауылдық, селолық Советтері басшылыққа ала отырып, ауыл шаруашылығындағы еңбекшілердің сайлау құрметіндегі социалистік жарысын ойдағыдай ұйымдастырған. Мұны Теректі ауданындағы Ново-Павловка, Фурманов ауданындағы Фурманов ауылдық Советтерінің жұмысынан көруге болады. Бұл Советтердің депутаттары мен активтері бұқараны ұйымдастырушы мен бастаушы болды. Мысалы, Ново-Павловка селолық Советінің депутаты, Калинин атындағы іріленген колхоздың председателі Пивень жолдас колхоздағы мал қыстауды үлгілі ұйымдастырды. Қоғамдық мал жылы қорамен және қыс маусымына жеткілікті азықпен толық қамтамасыз етіліп, колхоздың колхозшылары сайлау құрметіндегі социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін ойдағыдай орындаған. Сол сияқты Фурманов атындағы колхозды ауылдық Советтің депутаты, Социалистік Еңбек Ері Ақсайқов жолдас «Жас» колхозын ауылдық Советтің депутаты Байтеменов жолдас басқарған. Олар бұқараға сүйеніп жұмыс істеуінің арқасында колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендету жолындағы күреске бүкіл артель мүшелерін жұмылдыра алды [7, 18-19 бб].

Еңбекшілердің өскен тілегіне сай жұмыс істей отырып, ауыл-село мәдениетін көтеру, еңбекшілердің тұрмыс жағдайларының жақсаруына үнемі қамқорлық жасау – жергілікті Советтердің төл ісі. Бұл тұрғыда Шыңғырлау поселкілік Советі (председателі Қазиев жолдас) және Жәнібек ауданы Ақоба ауылдық Советі (председателі Мұқанова жолдас) біркелкі жұмыстар атқарған.

1952 жылы Шыңғырлау поселкілік Советі поселкіні көркейтуге, пәтер-үйлер салуға ерекше көңіл бөлген. Осының нәтижесінде аудан орталығында еңбекшілер үшін 35-тен астам жаңа тұрғын үйлер салынған. Орталық клубтың жанына 1,5 гектар бақ және көптеген үйлердің іргелеріне ағаш көшеттері отырғызылған. Поселкілік Совет бойынша мемлекеттік мал шаруашылық өнім тапсыру жоспарын 101% орындап, мемлекетке 67500 литр сүт, бірнеше килограмм жүн тапсырған. Сондай-ақ Советтің қаржы жинау жоспары 105% болып орындалған.

Ал Жәнібек ауданы Ақоба ауылдық Советіне келер болсақ, мұнда ауылдық Советтің 9 депутаты және ондаған активі жұмыс істеген. Осы ауылдық Советтің депутаттары мен активі бұқарамен тығыз байланыста бола отырып, саяси шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындап отырған. Бұған мысалға ауылдық Советтің 1951 жылғы жұмыстарының қорытындысын айтуға болады. Ауылдық Советтің қамтуындағы екі колхоз да қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспарын малдың барлық түлегі бойынша орындап шыққан. Мемлекетке астық, ет, сүт, жүн тапсыру жоспарын ойдағыдай атқарған.

Сонымен бірге Советтің активтері мен депутаттары оқу үйінің жұмысын да үнемі қадағалап отырған. Газет, журнал, саяси-шаруашылық және әдеби кітаптарды колхозшылар арасында тарата отырып, жеті жылдық мектеп, 22 балалық бюджеттік, 17 балалық қоғамдық интернат ұйымдастырған. Ауылдық Советтің қарауында жетіжылдық мектеп, емхана, бір оқу үйі жұмыс істеген [7, 19-20 бб].

Қарастырылып отырылған кезеңде өндірістік жоспарларды орындау, еңбекшілерге тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуді жақсарту бағытында кәсіподақ ұйымы көп жетістіктерге жетті. Осы мақсатта

социалистік жарыстарды ұйымдастырып, жаңашылдар қозғалысын қолдап, кәсіпорын әкімшіліктермен шарттар жасап отырды [13, 126 б].

Облыстық мал азығын дайындаудың төменгі буындағы ұйымдары мен жергілікті кәсіпшілік одағының жағдайы да осындай сипатта болған. Есепті-сайлаушылық жиналыс алдында көптеген аудандық ұйымдар жанында Май кәсіпшілік одағы мен Мал азығын даярлаудың жергілікті комитеттері тіпті өмір сүрмейтіндігі тексеру барысында анықталған, тек қағаз жүзінде ғана тіркеліп отырылған.

Облыстық кәсіподақ ұйымдарының мәдени-тұрмыстық жұмыстары 1948-51 жылдар аралығында біркелкі жақсарған. Облыстың кәсіподақ ұйымдары бұл кезде еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне көп көңіл бөлген. 1948 жылдың қарашасынан 1951 жылдың қаңтарына дейін кәсіподақтардың облыстық советі президиумының председателі Таушев жолдастың басшылығымен бұл мақсатта игі істер аз атқарылмады. Екі жылдың ішінде кәсіпорындар мен мекемелерде 8 мыңға жуық лекциялар мен баяндамалар өткізген. Кәсіподақтардың 10 мыңнан астам мүшесі саяси оқудың түрлеріне тартылып, 1300-ден астам жас жұмысшылар мен қызметшілер жастардың кешкі мектептерінде оқыған [10, 45-46 пп].

Партияның халықшаруашылығын көтеруге арналған қарар-қаулыларын орындауда комсомолдар ұйымы қажырлы еңбек етіп отырды [13, 22 б]. Мысалы, БК(б)П Орталық Комитетінің 1947 жылғы ақпан пленумының «Соғыстан кейінгі кезеңде ауыл шаруашылығын өрге бастыру шаралары туралы» қаулысын және осыған сәйкес шақырылған Қазақстан К (б)П-ның Батыс Қазақстан облыстық комитетінің XIX-шы пленумындағы шешімдерді орындауда Теректі ауданындағы колхоздық комсомол ұйымы іскерлік танытты. Нақты тоқталар болсақ, Теректі ауданындағы «Красный Путиловец» колхозының комсомол ұйымы ақпан пленумы» қаулыларын орындау бағытында колхоздың барлық еңбекшілерімен бірігіп көктемгі егісті 12 күнде аяқтауға, орташа әр гектардан 10 центнерден кем болмайтын өнім жинауға, қысқа әр бас малға 30 центнерден мал азығын даярлауға, малдың түсіміне жол бермеуге міндеттеме қабылдаса, «Социализм» колхозындағы комсомол ұйымы колхозшыларға белсенді көмектесу, көктемгі егісті 15 күнде аяқтау, әр гектардан 12 центнерден өнім жинау міндеттемелерін қабылдаған. Ал бұл міндеттемелер уақытында орындалды да [12, 39 п].

Соғыстан кейінгі жылдары Совет үкіметі, жергілікті өкімет органына басшылық жасаған облыстық партия комитеті еңбекшілердің материалдық жағдайын, халықтың мәдени өмірін көтеруге жан-жақты шаралар қабылдап отырды [14, 48 б]. Бұл жұмыс халық шаруашылығын көтерумен, ең алдымен ауыл шаруашылық, жеңіл өнеркәсіп өнімін шығарудың өсуімен күшейді. Қоғамдық - бұқаралық ұйымдар жұмыстары қайта жаңғыртылды, өмірдегі барлық сферадағы олардың қызметі кеңейді. Облыстық партия конференцияларында, облыстық, қалалық, аудандық партия жиналыстарында, Совет сессияларында т.б. халықтық маңызы бар мәселелер қаралып, талқыланып отырылды. Алайда идеологияландырылған догматикалық ойлау шырмауы, әміршіл-әкімшілік басшылық елдің қоғамдық-саяси өміріне аз зиян әкелмеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. История Советского крестьянства. - Т-4., - Москва, 1988. -650 с.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4- том. – Алматы: «Атамұра», 2010. - 752 б.
3. Зима В.Ф. Послевоенное общество: голод и преступность// Отечественная история. – Москва, 1995. №5.
4. Клышев Е.Е. Некоторые аспекты преемственности развития сельского хозяйства Западно-Казахстанской области в годы Великой Отечественной войны и послевоенный период.//в книге: Перзент парызы. Өмірдеректік анықтамалық. Құрастырушылар Бірімжаров Б.Қ., Кенжеғалиев Т., Хайдаров Е. –Орал, БҚМУ баспа орталығы, 2007. -132 б.
5. Букаткин П.Р. Западно-казахстанцы в годы суровых испытаний 1941-1945 гг. – Самара, 1995.
6. Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство в годы ВОВ 1941-1945 гг. – Алма-Ата, 1958.
7. Бірімжаров Б.Қ. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда. – Орал, БҚМУ баспа бөлімі, 2025. -244 б.
8. Бримжаров Б.К. Социально-экономическое развитие аулов и сел Казахстана в 60-е-80-е годы (по материалам западных областей). – Алматы: Ғылым, 1996. – 188 с.
9. Алексеенко А.Н. Население Казахстана. 1920-1990 гг. – Алма-Ата, 1993.
10. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, 761 қор, 2 тізбе, 401 іс.
11. Шамшатов И.Ш. Колхозы Казахстана: развитие общественнохозяйства и его социально-экономические результаты (1946-1980). – Алма-Ата. 1985.
12. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, 761 қор, 2 тізбе, 408 іс.
13. Савосько В.К., Шамшатов И.Ш. Колхозное строительство в Казахстане (1946-1970 гг). – Алма-Ата, 1974.
14. Жумабеков Ж., Нурпеисов К. Аграрная политика – составная часть деятельности партии. – Алма-Ата, 1975.